

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ өздеріне қатысты кедендік әкелу бажының ставкасын өзгерту туралы шешімді Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі қабылдайтын сезімтал тауарлардың тізбесіне мета-арамидтерден жасалған синтетикалық талшықтардың жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 126 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 16-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне № 1 қосымшаның 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасынан № 1 қосымшаға сәйкес субпозиция алып тасталсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына № 2 қосымшаға сәйкес позициялар енгізілсін;

в) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының № 3 қосымшаға сәйкес ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 39-ескертпемен толықтырылсын:

"^{39C)} Кедендік құнның 0%-ы мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 126 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 31.12.2023 аралығында қолданылады."

2. Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 16 шешімімен бекітілген, Өздеріне қатысты кедендік әкелу бажының ставкасын өзгерту

туралы шешімді Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі қабылдайтын сезімтал тауарлар тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 5503 11 000 0 коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"5503 11 000 1

--- мета-арамидтерден жасалған, жеке қорғаныш құралдарын өндіру кезінде пайдаланылатын тоқыма емес материалдарды дайындауға арналған⁵⁾

5503 11 000 9

--- өзгелер".

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді, бірақ 2022 жылғы 2 қаңтардан ерте емес.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

| | | | | |
|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|----------------|
| Армения | Беларусь | Қазақстан | Қырғыз | Ресей |
| Республикасынан | Республикасынан | Республикасынан | Республикасынан | Федерациясынан |
| В. Григорян | И. Петришенко | Ә. Смайылов | А.Кожошев | А. Оверчук |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2021 жылғы 29 қазандағы
№ 126 шешіміне
№ 1 қосымша

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі бірыңғай Тауар номенклатурасынан шығарылатын СУБПОЗИЦИЯ

| СЭҚ ТН коды | Позицияның атауы | Қос. өлш. бір |
|---------------|---------------------------|---------------|
| 5503 11 000 0 | — — арамидтерден жасалған | — |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2021 жылғы 29 қазандағы
№ 126 шешіміне
№ 2 қосымша

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына енгізілетін ПОЗИЦИЯЛАР

| СЭҚ ТН коды | Позицияның атауы | Қос. өлш. бір |
|---------------|--|---------------|
| 5503 11 000 | — — арамидтерден жасалған: | |
| 5503 11 000 1 | --- мета-арамидтерден жасалған, жеке қорғаныш құралдарын өндіру кезінде пайдаланылатын тоқыма емес материалдарды дайындауға арналған ⁵⁾ | — |
| 5503 11 000 9 | --- өзгелер | — |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2021 жылғы 29 қазандағы
№ 126 шешіміне
№ 3 қосымша

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

| СЭҚ ТН коды | Позицияның атауы | Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құннан пайызбен не Еуромен, не АҚШ долларымен) |
|---------------|--|--|
| 5503 11 000 1 | --- мета-арамидтерден жасалған, жеке қорғаныш құралдарын өндіру кезінде пайдаланылатын тоқыма емес материалдарды дайындауға арналған ⁵⁾ | 539С) |
| 5503 11 000 9 | --- өзгелер | 5 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК